

**Брокерлердің жеке тұлғалардың бағалы қағаздармен мәмілелері туралы мәліметтерді, тауар биржаларының жеке тұлғалардың тауар биржасында өткізілген биржалық тауарлармен мәмілелері туралы мәліметтерді ұсыну қағидаларын және олардың нысандарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 4 маусымдағы № 568 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 8 маусымда № 20833 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы бұйрық 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) 26-бабы 15-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Брокерлердің жеке тұлғалардың бағалы қағаздармен мәмілелері туралы мәліметтерді ұсыну қағидалары;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Брокерлердің жеке тұлғалардың бағалы қағаздармен мәмілелері туралы ұсынатын мәліметтердің нысаны;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға Тауар биржаларының жеке тұлғалардың тауар биржасында өткізілген биржалық тауарлармен мәмілелері туралы мәліметтерді ұсыну қағидалары;
- 4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Тауар биржаларының жеке тұлғалардың тауар биржасында өткізілген биржалық тауарлармен мәмілелері ұсынатын мәліметтердің нысаны бекітілсін.

2. Мыналардың:

- 1) "Тексерілетін жеке тұлғалардың бағалы қағаздармен немесе тауар биржасында өткізілген биржалық тауарлармен мәмілелер туралы мәліметтерді брокерлермен ұсыну қағидаларын және нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 28 шілдедегі № 408 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14178 болып тіркелген, 2016 жылғы 9 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);
- 2) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 31 наурыздағы № 213 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін бұйрықтарының тізбесінің 4-тармағының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15096

болып тіркелген, 2017 жылғы 13 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілер эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Қазақстан Республикасының Қаржы министрі*

*Е. Жамаубаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы нарығын реттеу

және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сауда және интеграция министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
Бірінші орынбасары -  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2020 жылғы 4 маусымдағы  
№ 568 бұйрығына  
1-қосымша

## **Брокерлердің жеке тұлғалардың бағалы қағаздармен мәмілелері туралы мәліметтерді ұсыну қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Брокерлердің жеке тұлғалардың бағалы қағаздармен мәмілелері туралы мәліметтерді ұсыну қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 26-бабы 15-

тармағына сәйкес әзірленді және брокерлердің жеке тұлғалардың бағалы қағаздармен мәмілелері туралы мәліметтерді (бұдан әрі - Мәліметтер) ұсыну тәртібін айқындайды.

## 2-тарау. Мәліметтерді ұсыну тәртібі

2. Брокерлер мәліметтерді осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік кірістер органының сұрау салуы бойынша ұсынады.

3. Брокерлер Мәліметтерді осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша желі бойынша берілетін деректердің қорғалуын, түпнұсқалығын растауды, тұтастығын тексеруді және шифрленуін қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық желі бойынша беру арқылы электрондық түрде ұсынады және басшының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

4. Ақпараттық-коммуникациялық желі бойынша Мәліметтерді ұсыну мүмкін болмаған жағдайда, сондай-ақ техникалық қателер туындаған жағдайда Мәліметтер электрондық түрде "Microsoft Excel" не "Microsoft Access" форматында ұсынылады.

Брокерлердің жеке тұлғалардың  
бағалы қағаздармен мәмілелері  
туралы мәліметтерді ұсыну  
қағидаларына қосымша  
нысан

## Мәліметтерді ұсыну үшін мемлекеттік кірістер органының сұрау салуы

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 26-бабы

15-тармағына сәйкес жеке тұлғалардың бағалы қағаздармен мәмілелері туралы бар мәліметтерді беруді сұрайды жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

\_\_\_\_\_

жеке сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

20 \_\_ жылғы \_\_ бастап 20 \_\_ жылғы \_\_ дейін кезеңі үшін

Сұрау салуды жіберу себептері \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Мемлекеттік кірістер органының

басшысы (орынбасары) \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), қолы, мөрі)

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
Бірінші орынбасары -  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2020 жылғы 4 маусымдағы  
№ 568 бұйрығына  
2-қосымша

**20\_\_ жылғы \_\_ бастап 20\_\_ жылғы \_\_ дейін кезеңі үшін брокерлердің жеке тұлғалардың бағалы қағаздармен мәмілелері туралы мәліметтер**

Брокердің атауы \_\_\_\_\_

брокердің бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

№	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	Бағалы қағаздың түрі	Бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды)	Бағалы қағаздардың саны	Бағалы қағаздардың номиналды құны, теңге	Мәміле күні	Мәміле түрі	Мәміле бойынша контрагент
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Бір депозитарлық қолхаттың базалық активін құрайтын бағалы қағаздардың саны	Депозитарлық қолхаттарды орналастыру бағасы, теңге	Депозитарлық қолхаттардың айналыс мерзімі	Инвестициялық пай қорының атауы	Басқарушы компанияның бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Басқарушы компанияның атауы
11	12	13	14	15	16

/

Басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), (электрондық цифрлық қолтаңба)

Орындаушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), телефон нөмірі \_\_\_\_\_

Брокердің мекенжайы \_\_\_\_\_

## **"Брокерлердің жеке тұлғалардың бағалы қағаздармен мәмілелері туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

1. "Брокерлердің жеке тұлғалардың бағалы қағаздармен мәмілелері туралы мәліметтер" (бұдан әрі - Мәліметтер) нысаны мынадай деректерді қамтиды:

- 1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;
- 2-бағанда - бағалы қағаздарды ұстаушы жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі;
- 3-бағанда - бағалы қағаздарды ұстаушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);
- 4-бағанда - 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 129-бабы 2-тармағына сәйкес 3-бағанда көрсетілген ұстаушысы жеке тұлға болып табылатын бағалы қағаздың түрі көрсетіледі;
- 5-бағанда - бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды);
- 6-бағанда - 4-бағанда көрсетілген түрдегі бағалы қағаздардың саны;
- 7-бағанда - бағалы қағаздардың номиналды құны, теңгемен.
- 8-бағанда - мәміле күні;
- 9-бағанда - мәміле түрі;
- 10-бағанда - мәміле бойынша контрагент.

2. Депозитарлық қолхаттар бойынша ақпарат ұсынылған жағдайда, қосымша мынадай ақпарат ұсынылады:

- 11-бағанда - бір депозитарлық қолхаттың базалық активін құрайтын бағалы қағаздардың саны;
- 12-бағанда - депозитарлық қолхаттарды орналастыру бағасы, теңгемен;
- 13-бағанда - депозитарлық қолхаттардың айналыс мерзімі.

3. Пайлар бойынша ақпарат ұсынылған жағдайда қосымша мынадай ақпарат ұсынылады:

- 14-бағанда - инвестициялық пай қорының атауы;
- 15-бағанда - басқарушы компанияның бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 16-бағанда - басқарушы компанияның атауы.

4. Мәліметтер басшының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

# Тауар биржаларының жеке тұлғалардың тауар биржасында өткізілген биржалық тауарлармен мәмілелері туралы мәліметтерді ұсыну қағидалары

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тауар биржаларының жеке тұлғалардың тауар биржасында өткізілген биржалық тауарлармен мәмілелері туралы мәліметтерді ұсыну қағидалары (бұдан әрі - Қағидалары) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 26-бабының 15-тармағына сәйкес әзірленді және тауар биржалары жеке тұлғалардың тауар биржасында өткізілген биржалық тауарлармен мәмілелері туралы мәліметтерді (бұдан әрі - мәліметтер) ұсыну қағидаларын айқындайды.

## 2-тарау. Мәліметтерді ұсыну тәртібі

2. Тауар биржалары мәліметтерді осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік кірістер органының сұрау салуы бойынша ұсынады.

3. Тауар биржалары мәліметтерді осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша желі бойынша берілетін деректердің қорғалуын, түпнұсқалығын растауды, тұтастығын тексеруді және шифрленуін қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық желі бойынша беру арқылы электрондық түрде ұсынады және басшының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

4. Ақпараттық-коммуникациялық желі бойынша мәліметтерді ұсыну мүмкін болмаған жағдайда, сондай-ақ техникалық қателер туындаған жағдайда мәліметтер электрондық түрде "Microsoft Excel" не "Microsoft Access" форматында ұсынылады.

Тауар биржалары жеке  
тұлғалардың тауар биржасында  
өткізілген биржалық  
тауарлармен мәмілелері туралы  
мәліметтерді ұсыну  
қағидаларына қосымша  
нысан

## Мәліметтерді ұсыну үшін мемлекеттік кірістер органының сұрау салуы

---

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 26-бабы

15-тармағына сәйкес тауар биржасында жеке тұлғалардың өткізілген биржалық тауарлармен

мәмілелері туралы бар мәліметтерді беруді сұрайды жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты

(ол болған кезде) \_\_\_\_\_

жеке сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

20 \_\_ жылдың \_\_ бастап 20 \_\_ жылдың \_\_ дейін кезеңі үшін

Сұрау салуды жіберу себептері \_\_\_\_\_

Мемлекеттік кірістер органының

басшысы (орынбасары) \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), қолы, мөрі)

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
Бірінші орынбасары -  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2020 жылғы 4 маусымдағы  
№ 568 бұйрығына  
4-қосымша  
нысан

**20 \_\_ жылғы \_\_ бастап 20 \_\_ жылғы \_\_ дейін кезеңі үшін тауар биржалары жеке тұлғалардың тауар биржасында өткізілген биржалық тауарлармен мәмілелері туралы мәліметтер**

тауар биржасының атауы \_\_\_\_\_

бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

№	Жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі	Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	Тауардың атауы	Тауардың атауы	Тауардың атауы
1	2	3	4	5	6

/ \_\_\_\_\_

Басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), (электрондық цифрлық қолтаңба)

Орындаушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), телефон нөмірі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Тауар биржасының мекенжайы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

"Тауар биржалары жеке  
тұлғалардың тауар биржасында  
өткізілген биржалық  
тауарлармен мәмілелері туралы  
мәліметтер"  
нысанына қосымша

## **"Тауар биржалары жеке тұлғалардың тауар биржасында өткізілген биржалық тауарлармен мәмілелері туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

1. "Тауар биржалары жеке тұлғалардың тауар биржасында өткізілген биржалық тауарлармен мәмілелері туралы мәліметтер" (бұдан әрі - Мәліметтер) нысаны мынадай деректерді қамтиды:

1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;

2-бағанда - биржалық тауарды сатып алушы-жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі;

3-бағанда - биржалық тауарды сатып алушы-жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

4-бағанда - биржалық тауардың атауы;

5-бағанда - биржалық тауардың өлшем бірлігі;

6-бағанда - биржалық тауардың құны, теңгемен.

Мәліметтер басшының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.